Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №225 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау құрылымы

| Р/С | Өзін-өзі бағалау бөлімдері | Өзін-өзі бағалаудың мазмұны | Өзін-өзі бағалау материалдары |
|---|---|---|---|
| 1 | **Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы** | **Білім беру ұйымының толық атауы:**<br>«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №225 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі<br><br>**Білім беру ұйымының орналасқан жері:**<br>**(заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы):**<br>Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Кәукей ауылы, Кәукей көшесі №3үй.<br>**Заңды тұлғаның байланыс деректері: (телефон, электронды пошта, web- сайт)**<br>8 (724) 38 37 -1-97, kazaly_225@mail.ru<br>**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: ( басшының Т.А.Ә.,лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі) :**<br>Жакенов Бақтыбай Жаңабаевич 8 775 481 51 91, baktybay.zhakenov@mail.ru<br>**Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың берілген күні:**<br>31.03.2022ж бұйрық №09<br>**Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары( жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың /куәліктің көшірмесі қоса беріледі)**<br>Жарғының берілген күні: 21.01.2021 №971240002680,бұйрық №237<br>Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы:<br>**БСН 971240002680 Берілген күні 30.11.2023**<br>**Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғандығы туралы хабарламаны жіберу туралы талон )**<br>Лицензияның берілген күні: 10.02.2021 жыл №94LAA00022953 | Заңды тұлға өкілін басшы лауазымына тағайындау туралы бұйрық<br><br>Заңды мемлекеттік тіркеу / қайта тіркеу туралы анықтама<br><br>Білім беру ұйымының жарғысы<br><br>Лицензия және оған қосымша |
| 2 | **Кадрлық құрамға талдау** | **1. Бастауыш, негізгі орта жалпы білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.**<br>Бағаланатын кезеңдерде педагогтердің тарифтеу тізімі жасалған.<br>**2023-2024** оқу жылында 43 педагогикалық қызметкер еңбек етеді.<br><br>**Қорытынды: Бастауыш, негізгі орта жалпы білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі талапқа сай.**<br><br>**2.Тиісті бейіні бойынша (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер.**<br>**Бағалау нәтижесі:** 2023-2024 оқу жылында еңбек ететін барлық 43 педагогтің тиісті бейіні бойынша жоғары білімі бар, оның ішінде 1 педагог – дефектолог маман диплом бойынша мамандығы- «Информатика» пәнінің мұғалімі, дефектолог мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткен; 7-қосымша | Әдістемелік ұсынымдарға 7-қосымша<br>Штаттық кесте<br>Тарифтеу тізімі |
| | | **3.Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер.**<br>Білім беру ұйымында қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер жоқ.<br>**3.Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер**<br>Мектеп директоры Жакенов Б. басшылық еңбек өтіліне 3 жыл уақыт толмағандықтан аттестаттаудан өтпеген.<br>Мектеп директорының 3 орынбасары - оқу ісі жөніндегі орынбасары Ебелекова Э. бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Аязбергенова Р. 2022 жылы, тәрбие жөніндегі орынбасары Сауытбаев А. 2023 жылы «үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары» біліктілік санатына аттестаалған;<br>**4. Кемінде 5 жылда 1 рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/ растау туралы мәліметтер.**<br>**2023-2024** оқу жылында 43 педагогикалық қызметкер еңбек етеді.<br>Жоғары білімді қызметкер саны-43 (100 %);<br>Жоғары және бірінші санатты, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы қызметкерлердің саны-22. Бұл 43 қызметкердің 51 %-ын құрайды. зерттеуші – педагог саны-6, сарапшы-педагог саны-15, 1-санатты педагог-1;<br>Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырмаған 3 педагог бар, оның екеуі 2023-2024 оқу жылының қаңтар-тамыз аттестаттау кезеңінде аттестатталуға өтініш берген, біреуі- тәлімгер, зейнет демалысына 2 жыл уақыты қалған.<br>Біліктілік санатының деңгейін бесжылда бір реттен сиретпей арттырған педагогтердің үлесі- біліктілік санатын арттыруға тиісті мерзімі келмеген еңбек өтілі 3 жылға дейінгі 3 жас маманды қоса есептегенде 43 педагогтен 40 педагог 93% көрсеткішті құрайды.<br>**Мектеп директоры мен орынбасарларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәлімет:**<br>Мектеп директоры Жакенов Б. басшылық еңбек өтіліне 3 жыл уақыт толмағандықтан аттестаттаудан өтпеген.<br>Мектеп директорының 3 орынбасары - оқу ісі жөніндегі орынбасары Ебелекова Э. бейінді оқыту жөніндегі орынбасары Аязбергенова Р. 2022 жылы, тәрбие | |

жөніндегі орынбасары Сауытбаев А.
2023 жылы «үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары» біліктілік санатына аттесталған;

**5. Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың аудандық, облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын, республикалық жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған мұғалімдер.**

2023-2024 оқу жылында еңбек ететін 43 педагогтің 42-сі соңғы 5 жыл көлемінде білім алушыларды уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес конкурстар мен жарыстарға дайындап, қатыстырған; Білім алушылар «Зерде» ғылыми жобалар байқауына, «Ясауи», «IQANAT», «Мың бала» олимпиадаларының, «Мағжан оқуларының» республикалық, жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының, «Дарын» ғылыми жобалар байқауының, «Менің кіші Отаным» интеллектуалдық байқауының , «Менің Отаныма-менің бастамам» шығармашылық жобаларының және т.б шаралардың облыстық кезеңіне қатысып, жеңімпаз және жүлдегер болған.

**6. Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.**

Басшы кадрлар және барлық педагогтер үш жыл көлемінде біліктілік арттыру курсынан өткен.
Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі-100 %
2023-2024 оқу жылына үш жылда бір реттен сиретпей менеджмент курстарынан өткен басшы, басшы орынбасарларының үлесі- 100%

| Р/С | Аты-жөні, лауазымы | Курс сертификаты |
|---|---|---|
| 1 | Жакенов Б. Мектеп директоры | Мектеп басқарудағы инновациялық менеджмент 430 сағат. НЗМ №062090 05.04.2024 ж |
| 2 | Ебелекова Э. Оқу ісі жөніндегі орынбасар | Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент. 07.10.2022. №0631874 80 сағат."Өрлеу" БАО |
| 3 | Сауытбаев А. Тәрбие жөн .орынбасар | Білім берудегі менеджмент.25.06.-15.07.2022.105 сағат. №92072; «Өркениет» орталығы |
| 4 | Акобергенова Р. Бағдарлы оқыту жөніндегі орынбасар | Білім берудегі менеджмент.25.06.-15.07.2022.105 сағат. №92071«Өркениет» орталығы |

**Қорытынды:** Барлық педагогтертің тиісті бейіні бойынша дипломдары бар. Соңғы үш жыл көлемінде біліктілік арттыру курстарынан өткен. Білім беру ұйымының басшысы және орынбасарлары үш жылда бір рет аттестаттаудан өту талабы сақталған.

5 жылдық жетістіктер тізімі қосымшада

**Білім алушылар контингентінің сандық құрамы**

**1.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер.**

| Р/С | Аты-жөні | Сыныбы | Қорытынды | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Алданбай Нұрайлым Ерболқызы | 1 | Соматикалық сырқат түрі. | Жалпы білім беру бағдарламасымен оқиды |
| 2 | Оңталапқызы Аяулым | 2 | Сөйлеу тілінің III деңгейлі бұзылысы. Психикалық дамудың тежелуі, церебралды-органикалық генезді түрі. | Бейімделген бағдарламамен оқиды |
| 3 | Тәжімбет Айзере Аманжолқызы | 2 | Жалпы сөйлеу тілі дамуыныңIII деңгейі. Психикалық дамудың тежелуі. Мінез-құлық қиындықтары. | Үйден оқиды |
| 4 | Оналбек Айғаным Асқанқызы | 7 | Психикалық дамудың тежелуі, церебралды-органикалық генезді түрі. | Жалпы білім беру бағдарламасымен оқиды. |
| 5 | Өксікбай Ақтілек Таңсықбайұлы | 9 | Соматикалық сырқат түрі. | Жалпы білім беру бағдарламасымен оқиды |

**2. Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер**

**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ СЫНЫП ТОЛЫМДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ**

| Сыныбы | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 а | 5 ә | 6 | 7 | 8 | 9 | 10а | 10 ә | 11 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Білім алушы саны | 18 | 20 | 11 | 25 | 15 | 16 | 19 | 18 | 15 | 19 | 13 | 11 | 15 |

**3. Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер**

2023-2024 оқу жылые 1-11 сыныптар аралығындағы 13 сынып комплектісінде 215 оқушымен басталды.
Оқу жылы ішінде 7 оқушы кетті, 1 оқушы келді; Оқу жылының соңындағы барлық оқушы саны-209

| **Сыныбы** | **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** | **10** | **11** | **1-11** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оқу жылы басында | 18 | 20 | 11 | 25 | 31 | 19 | 18 | 15 | 19 | 24 | 15 | **215** |
| Келген | | | | | | | | | | | 1 | 1 |
| Кеткен | 1 | | 1 | | 2 | 1 | 1 | 1 | | | | 7 |
| Соңында | 17 | 20 | 10 | 25 | 29 | 18 | 17 | 14 | 19 | 24 | 16 | 209 |

**Қорытынды:** 2023-2024 оқу жылында сынып толымдылығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес келеді, сынып толымдылығы 25 баладан артық емес. ҚР БҒМ 2020 жылғы 18 мамырдағы №207 бұйрығының 2-қосымшасымен бекітілген. Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 10-тармағы негізінде қозғалыстағы білім алушылардың білім беру ұйымына келуі және кету туралы есептен шығару талоны негізінде жүргізілген. Келген-кеткен білім алушылар есепке алу кітабына тіркелген.

Әдістемелік ұсынымдарға 8-қосымша

4 **Оқу-әдістемелік жұмыс**

**1.Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі.**

**Талдау нәтижелері:**

Бағалау барысында үлгілік оқу жоспарына сәйкестігін қарау үшін оқу жұмыс жоспары зерделенді. Оқу жұмыс жоспары құрылған және мектеп директорымен бекітілген.

2023-2024 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының (23.09.2022 жылғы №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістері негізінде) 2,3,4-қосымшаларымен бекітілген Бастауыш, Негізгі орта және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары ,

КР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен ( КР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы №365 бұйрығының 6-қосымшасымен, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығының 85,86-қосымшаларымен ,18.08.2023 ж. №264 бұйрығының 1,53-қосымшаларымен ,4-қосымшасының 10-тарауымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылған.

Оқу жоспарында бастауыш білім беру сатысында «Тіл және әдебиет» білім беру саласы «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі» , Әдебиеттік оқу, «Орыс тілі» ,«Ағылшын тілі», «Математика және информатика» білім саласы «Математика», «Цифрлық сауаттылық», «Жаратылыстану» білім саласы «Жаратылыстану» пәнін , «Адам және қоғам» білім беру саласы «Дүниетану», «Технология және өнер» білім саласы «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке

мектебі» жоспарына сәйкес «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» тақырыбында сабақтар өткізілді. 17-17 ақпан аралығында өткізілетін«ДОСБОЛLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясының іс-шара жоспары жасалып бектілді. Іс- шара жоспарына сәйкес «Шығармашылық ынтымақтастық»бағыты бойынша «Ертегілер еліне саяхат» театрланған қойылым, «Кіші зияткерлік академия» бағытында «Мен және менің ортам» тренинг, «кіші зияткерлік»бағытында зияткерлік сайыс өткізілді. Мектепте 2023-2024 оқу жылында «Жас ұлан» ұйымында жалпы оқушы саны -197. Мектептегі жалпы оқушының 96% құрайды. Оқу жылының басында өзін- өзі басқару және мектеп парламенті ұйымының қайта сайлау жиналысы болды. Онда оқушылар дауыс беру арқылы мектеп Президентін, Министрлерді, фракция көшбасшыларын сайланды. Қазан айының 21 күні мектеп парламенті президентіне сайлау болды. Үш оқушы президенттікке үміткер болып, бағдарламасын ұсынды. Көп дауыс жинаған мектеп парламенті Президенті болып 10 сынып оқушысы - Махамбет Жансая сайланды. Ай сайын мектеп Президенті министрлер мен көшбасшыларға жиналыс жасап, айдағы атқарылған жұмыстарға анықтама жасап келесі айға тапсырма береді. Мектептегі іс шаралар «Парламент тынысы» әлеуметтік желіге жарияланып отырады.«Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі» тақырбында құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 12 сәуір күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Шахмат ұлтымыздың ақыл-ой спорт түрі» тақырыбында шахмат ойнау челленджі өткізілді. «Лудомания –қауіпті ауру» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сәуір айында мектептің жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. «Төрт тоқсанға –төрт өнер» жобасы аясында «Туған өлкем» фестивалі бойынша «Жанкент» тарихи орнына саяхат жасалды. 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай 1 сыныпта «Ынтымақты елдің ырысы мол» , «Бейбітшілік –ел тілегі» тәрбие сағаты «Бірлік-жасампаздық» тақырыбында 5-11 сыныптар диктант жазды. 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай «Ерлік –елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыпта 10 сыныпқа АӘТД пәнінің мұғалімі К. Нағи ерлік сабағы, «Жігіт сұлтаны-2024» сайысы өткізілді. «Мамыр айы –ынтымақ күні » шарасын өткізуге байланысты 9,11 сынып оқушыларына «Түлектердің ағаш егу» челленджін өткізді. 5-7 сынып оқушылар арасында «Әскердегі ағама хат» атты эссе байқауы өткізілді. «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында «Өнегелі ұрпақ» апталығына орай ардагерлерге қызмет көрсетіп , жалғыз басты қарттардың ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді. «Төрт тоқсан- төрт өнер» жобасы бойынша «Туған өлкем» фестиваліне орай мектеп бітіруші түлектер мектеп ауласына көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Отан қорғаушылар күніне орай 1 сынып «Ерлігім –елім үшін» тақырыбында тәрбие сағатын өтті. 12 мамыр Аналар күніне жасалғаніс-шара жоспарына сәйкес тәрбие сағаты, мәнерлеп оқу сағаты өткізілді. 20 мамыр күні мектеп директоры мен ата аналар комитетінің қатысумен 9-11 сыныптың ата-аналар жиналыс өткізілді. Жиналыста қаралған мәселелер: жазғы каникул кезінде оқушылардың қауіпсіздігі, құқық бұзушылықтың , топтық төбелестің алдын алу. Жаз мезгіліндегі судағы қауіпсіздікке байланысты учаскелік инспектор Р. Шамуратов қатысумен 1-11 сынып оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 24 мамыр күні «Білімім-Отаныма» тақырыбында 1-10 сыныптарға бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Бітіруші түлектер «Мектебім, саған мың алғыс!» тақырыбында іс-шара өткізді. 2024 жылдың жазғы кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп жанынан «Балдәурен» күндізгі лагері ұйымдастырылды. Ыстық тамақпен қамтылған 39 оқушы, тамақсыз 60 оқушы қамтылды. Аудандық «Шағала» лагеріне әлеуметтік топтағы 21 оқушы қамтылды. 14 маусым күні аттестат беру шарасы өткізілді.

**4. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып, балалардың зияткерлік, адамгершілік және дене дамуындағы жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға, денсаулықтарын нығайтуға, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға негізделген №225 орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында «Зерек» пәндік, «Ізденіс» мәдени-шығармашылық, «Ал-спорт» спорттық үйірмелері жұмыс жасайды.

2023-2024 оқу жылында 213 оқушының 1 сыныптың жас ерекшелігімен, 11 сыныптың ҰБТ дайындығын ескере отырып, 183 оқушысы 25 үйірмеге тартылып, мектеп оқушыларының 85,9%-ы үйірмеге тартылған.

Мектеп бағдарламасы бойынша түрлі пәндерді кеңіте, тереңдете оқыту арқылы тиісті ғылым, әдебиет салаларына оқушылардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілетін дамытып, өзіндік зерттеушілігі мен дағдыларын қалыптастыруға негізделген пәндік 8 үйірме жұмыс жасайды. Бұл үйірмелер оқушылардың сабақ барысында алған теориялық білімін, сабақтан тыс уақытта практика жүзінде жүзеге асыруға, яғни оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мақсатталған. Мектебімізде пәндік үйірмеге 87 оқушы тартылған.

1. **Пәндік бағыттағы- 8 үйірме**

| р/с | Үйірме аты | Саны | Пәні, бағыты | Жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Жас математик» | 12 | Математика | Сексенбаева А |
| 2 | «Жас дарын» | 12 | Ана тілі | Жанпақ Б |
| 3 | «Жас зерттеуші» | 12 | Жаратылыстану, дүниетану | Сагинова. Ш |
| 4 | «Жас ақпаратшылар» | 12 | Информатика | Баймаханов Г |
| 5 | «Englishclub» | 12 | Ағылшын тілі | Тоғысова Г |
| 6 | «Үкілі үміт» тіл үйірмесі | 7 | Тіл, әдебиет | Сексенбай С |
| 7 | «Юный русовед» | 8 | Орыс тілі мен әдебиеті | Мырзагалиева Н |
| 8 | «Жас математик» | 12 | Математика | Асарбай Т |

Балалардың ойлау қабілетін, санасын ,назарын, шығармашылық қиялын, байқағыштығын шығармашылық ой желісін дамыту мақсатында

мектебімізде «Ізденіс» мәдени-шығармашылық қоғамдастығында 8 үйірме жұмыс жасайды. Бұл үйірмелерге 72 оқушы тартылған. Шығармашылық бағыттағы 6 үйірме, 1 клубқа тартылған оқушыларымыз аудандық, облыстық, республикалық байқау, конкурстарға қатысып, марапат мінберінен көрініп жүр.

**2.Шығармашылық бағытта - 8 үйірме**

| Р/с | Үйірменің, клуб атауы | Пәні, бағыты | Саны | Жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Бұлбұл» | Музыка | 10 | Кубекова Г |
| 2 | «Үкілі домбыра» | Музыка | 10 | Ерполатұлы Р |
| 3 | «Жас сарбаз» | АӘД | 10 | Сабыр З |
| 4 | «Кылқалам» | Көркем еңбек | 11 | Машай. А |
| 5 | «Өмір мен өнер» драма | Әдебиет | 11 | Әбдімұратова Г |
| 6 | «Шебер» | Көркем еңбек | 8 | Сексенбай Б |
| 7 | «Жігер» дебат клубы | Ораторлық өнер | 12 | Скаков И |

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес құндылыққа негізделген тәрбие үдерісін модельдеу міндеттері бойынша оқушылардың дене тәрбиесінің қалыпты дамуына бағытталған «Ақ-спорт» спорттық үйірмелер қоғамдастығында «Тоғызқұмалақ», «Былғары доп», «Доййбы», «Үстел теннисі», «Ұшқыр доп» «Тенбіл доп», «Шахмат», «Бес асық», «Асық ату», «Қол добы» т.б спорттық үйірмелері жұмыс жасайды және осы үйірмелерге 110 оқушы тартылған. Мектеп оқушылары аталмыш спорттықүйірмелер бойынша аудандық, облыстық жарыстарда жүлделі орындарды иеленуде.

**Спорттық бағытта - 8 үйірме:**

| Р/с | Үйірменің аты | Пәні, бағыты | Саны | Жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 1-2 | «Тенбіл доп» волейбол (ұл,қыз) | Дене тәрбиесі | 20 | Құлтыбай К |
| 3-4 | «Былғары доп» футбол (ұл,қыз) | Дене тәрбиесі | 20 | Лепес Е |
| 5 | Үстел теннисі | Дене тәрбиесі | 15 | Жакенов Б |
| 6 | «Ұшқыр доп» баскетбол | Дене тәрбиесі | 10 | Құлтыбай К |
| 7 | «Асық ату» | Дене тәрбиесі | 10 | Сабақбай Б |
| 8 | «Бес асық» | Дене тәрбиесі | 10 | Сабақбай Б |
| 9 | Қол добы | Дене тәрбиесі | 10 | Құлтыбай К |
| 10 | Тоғызқұмалақ | Дене тәрбиесі | 15 | Жұмабай С |

Сапалы үйірме сабағын ұйымдастыру және жоспарлау мақсатында «Үйірме сабағы сапалы болу үшін не істеу керек?» тақырыбында үйірме жетекшілерімен дөңгелек үстел өткізілді. «Зерек» пәндік, «Ізденіс» мәдени-шығармашылық, «Ақ-спорт» спорттық үйірме жетекшілері сабақ процесінде болған 3 үйірме жетекшісінен басқа 17 үйірме жетекшісі дөңгелек үстелге атсалыса қатысып, нәтижесінде сапалы үйірме сабағын жоспарлауға бағыт-бағдар алды.

«Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының 2023 жылғы 28 тамыздағы жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы республикалық «Менің Отаныма- менің бастамам» шығармашылық байқауының аудандық кезеңінің «Жақсылық керуені» номинациясына «Ертегімен ел түзеледі» тақырыбымен жоба қорғаған «Үкілі үміт» үйірмесінің белсенді мүшесі 7 сынып оқушысы Қаржаубай Ерасыл (жетекшісі: Ақдаулет Арай- әлеуметтік маман) жүлделі I орын иеленді.

«Менің ашық университеттерім» номинациясына «Химия пәнінен 9 сыныптың практикалық, зертханалық жұмыстарының электрондық органайзері» тақырыбымен өзінің авторлық жұмысын ұсынған «Жас зерттеуші» үйірмесінің белсенді мүшесі 10 сынып оқушысы Махамбет Жансая (жетекшісі: Сексенбаева Роза-химия пәні мұғалімі) II орын иеленді.

«Жаңғырту полосі» номинациясына «Қазақтың лөнгі ойынының адам денсаулығына пайдасы» тақырыбымен жоба қорғаған «Үкілі үміт» үйірмесінің белсенді мүшесі 10 сынып оқушысы Өмірзақ Айтжан «Алғыс хатпен» марапатталды.

2022 жылғы 24 қазандағы №03-9/822 санды хатына сәйкес 8-11 сынып оқушылары арасында «Ақберен» республикалық ақындық пен шешендік өнер байқауының аудандық кезеңіне «Үкілі үміт» үйірмесінің белсенді мүшесі 10 сынып оқушысы Өмірзақ Айтжан (жетекшісі: Әбдімұратова Гүлзат- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі) қатысып I орын иеленіп, облыстық кезеңнен I орын, республикалық кезеңнен «Алғыс хат» иеленді.«Ата-анаммен өткізген бір күнім» «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Жас ақпаратшылар» үйірмесі (Үйірме жетекшісі: Баймаханов Ғабит- информатика пәні мұғалімі) мүшелерінің ата-аналарымен бірге ұйымдастырылған шығармашылық жұмысы өткізілді.

«Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносын дамытуды насихаттауға негізделген «Бұл палата Қазақстандық жасөспірімдерге патриоттық сезімді дәріптейтін күшті құрал-кино деп есептейді» тақырыбында «Жігер» дебат клубының мүшелерімен (жетекшісі: Скаков І- дебат үйірмесінің жетекшісі) пікірталас ұйымдастырылды.

Білім алушылардың мектеп формасын сақтауына негізделген «Бұл палата Қазақстан мектептерінде діни киімдерді киюге рұқсат береді» тақырыбында «Жігер» дебат клубы мүшелерімен ашық алаңда пікірталас өткізілді.

«4 тоқсан- 4 іс-шара» жобасы аясында ақындар айтысының мектепішілік кезеңі өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды:
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02VyLDfYkT1rmxixPdx6tgdLcBY3zeRbt4FtTupbxBKwUisbBxGCfIg3MykBl&id=100055199599655&mibextid=Ni f5o

Жалпы білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары арасында өткізілген аудандық «Сәкен оқулары» байқауының «Сәкеннің сырлы әндері» номинациясына 8 сынып оқушысы Бердібай Азамат (жетекшісі: Кубекова Гүлжайна- «Бұлбұл» вокал үйірмесінің жетекшісі) қатысып, І орын иеленді. Жалпы білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары арасында өткізілген аудандық «Сәкен оқулары» байқауының «Арқаның асау тұлпары» номинациясына 10 сынып оқушысы Әбжалиев Нұрбек (жетекшісі: Сексенбай Сәбит- «Үкілі үміт» үйірмесінің жетекшісі) қатысып, І орын иеленді.

Жалпы білім беру ұйымдарының 5-11 сынып оқушылары арасындағы Республикалық «Төлеген Айбергенов оқулары» байқауының «Өз ғасырым өзімнің пішімде» бағытына «Үкілі үміт» тіл үйірмесінің белсенді мүшесі 10 сынып оқушысы Әбжалиев Нұрбек (жетекшісі: Қабылов Сәкен- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі) қатысып, аудандық кезеңінде І орын, облыстық кезеңінде ІІІ орын иеленді.

Қазалы ауданының 95 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық ұлттық ойындарының VII спартакиада бағдарламасы бойынша «Арқан тарту» жарысынан №225 мектеп командасы (жетекшісі: Құлпыбай Күнтуған) жүлделі ІІ орын иеленді.

Қазалы ауданының 95 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық ұлттық ойындарының VII спартакиада бағдарламасы бойынша «Жаяу жарыстан» №225 мектеп командасы (жетекшісі: Құлпыбай Күнтуған) жүлделі ІІІ орын иеленді.

Қазалы ауданының 95 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық ұлттық ойындарының VII спартакиада бағдарламасы бойынша «Мойын арқан» жарысынан №225 мектеп командасы (жетекшісі: Құлпыбай Күнтуған) жүлделі ІІ орын иеленді.

Қазалы ауданының 95 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық ұлттық ойындарының VII спартакиада бағдарламасы бойынша «Мерген» жарысынан №225 мектеп командасы (жетекшісі: Лепес Ерман) жүлделі І орын иеленді.

Қазалы ауданының 95 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық ұлттық ойындарының VII спартакиада бағдарламасы бойынша «Бес асық» жарысынан №225 мектеп командасы (жетекшісі: Құлпыбай Күнтуған) жүлделі ІІ орын иеленді.

**5. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);**

**Бағалау нәтижесі:** 2023-2024 оқу жылының басында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына 15-қосымшасына сәйкес төмендегі нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, кәсіптік бағдар беру жоспары жасалған.

2023-2024 оқу жылына арналған «Жаһандық құзыреттілік» және элективті курстарға арналған оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыз №348 бұйрығының (23.09.2022 №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістер негізінде) 2,3,4-қосымшаларымен бекітілген Бастауыш, Негізгі орта және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. «ҚР бастауыш, негізгі орта,жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығымен (ҚР Білім және ғылым министрінің12.08.2022 жылғы бұйрығының №365 6-қосымшасымен, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығының 85,86-қосымшаларымен, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығының 1,53-қосымшаларымен енгізілген өзгерістерімен). «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылған.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру барысында оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі басшылыққа алынып, сағаттар бөлінген. Күнтізбелік жоспарлары жасалып, сағат саны кестеге қойылған.

Жыл сайын кәсіптік диагностикалау және еңбек нарығында қажетті мамандықтарға бағдарлау жұмыстары жүргізіліп, білім алушылардың таңдау пәндері мен бейінін анықтау жұмыстары жүргізілген.

Жыл басында бағдарлы сыныптардың құрамы нақтыланып, оқушы және ата-ана өтініштері алынды. 10 сынып оқушылары көп бағдарлы қоғамдық-гуманитарлық бағытын (13 оқушы), жаратылыстану-математика бағытында (11 оқушы) таңдады. 11 сынып оқушылары бір бағдарлы қоғамдық-гуманитарлық бағытында (16 оқушы)оқиды. 10-11 сыныптар бойынша «Жаһандық құзыреттілік» факультатив, элективті курстарына сабақ беретін мұғалімдер тағайындалып, күнтізбелік жоспарлары бекітілген.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып, сынып журналдары талапқа сай толтырылған. Білім алушылардың бағытына сәйкес тереңдетілген және стандарттық деңгей бойынша сағаттар бөлінді.

10 «А» сынып. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт-3 сағат
АӘД-1 сағат
Жаһандық құзыреттілік-1 сағат
Қазақ әдебиеті-1 сағат
10 «Ә» сынып. Жаратылыстану-математикалық бағыт-3 сағат
АӘД-1 сағат
Жаһандық құзыреттілік-1 сағат
География-1 сағат
11-сынып жаратылыстану-математика бағыты-3 сағат
Жаһандық құзыреттілік-1 сағат
Математика-1 сағат
География-1 сағат

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру барысында төмендегі іс-шаралар өткізілді.

Барлығы бітіруші түлек-15. Оның ЖОО, АОО оқуға 15 оқушы түсті. 9 сынып бітіруші 28 оқушы. Тамыз айында 10 сыныпқа келген 24 оқушыдан және ата-аналарынан өтініш парақтары алынып, сынып көп бағдарлы қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математика бағыты болып бекітілді. Қыркүйек айында бағдарлы оқытудағы кездесетін мәселелердің шешілу жолдарын қарастыру мақсатында бағдарлы сынып оқушылары толық оқулықпен қамтамасыз етілді.

жеке оқу жоспары құрылып, бұйрық шығарылды. Екінші тоқсаннан бастап дәрігерлік-консультациялық комиссияның тексеруімен қайта өткізіліп (Зияттық бұзылысы (жеңіл) тәртіп бұзушылығымен) 2023 жылдың 6 желтоқсан күнінен бастап қайта үйден оқуға шығарылды. Оқушыға бұйрық шығарылып, оқу жоспары жасалды. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 10 тарауымен бекітілген Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл- ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық жүктемесі 8 сағат. Қазақ тілі-2 сағат, математика-2 сағат, оқу және тіл дамыту-1 сағат, айналадағы әлем-0,5 сағат, қол еңбегі-0,5 сағат, түзету сабақтары-2 сағат.

Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға түзету-дамыту жоспары құрылып, сол жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жүргізілді. Мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар тізімге алынды. Оқушылардың құжаттары жинақталып, дефектологтың түзете-дамыту жұмыстарымен ата-аналар таныстырылып, кеңестер берілуде. Оқушылардың сынып жетекшілерінен ұсыныс алынып, ата-аналардың өтініші мен келісімімен сабақ кестесі құрылған. Жеке және топтық жұмыстар жүргізілуде. ЕББҚ оқушылар мектепішілік ұйымдастырылған спорттық сайыстарға, іс-шараларға қатыстырылып сонымен қатар мектепішілік үйірмелерге тартылуда.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылды. Бұйрық шығарылып, жоспар құрылды. Жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде.

ЕББҚ оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі жұмыстар атқарылып әлеуметтік желіге салынып отырды. Мысалы:

- ✓ Оқушылардың күзгі демалысын қызықты әрі тиімді өткізу және балалардың күз туралы түсінігін кеңейту мақсатында ЕБҚЕ балалар арасында «Күз кереметі» тақырыбында сурет байқауы өткізілді.
- ✓ Күзгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді әрі қызықты ұйымдастыру және оқушылардың ой-өрісін, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында ЕБҚЕ балалармен Қазалы қаласындағы Г.Мұратбаев атындағы мемориалдық музейіне саяхат жасалды.
- ✓ Балалардың зейін тұрақтылығы мен есте сақтауын, шығармашылықтарын дамытуын жетілдіру. Ұсақ және ірі моторикасын дамыту мақсатында ЕБҚЕ балалармен нейрожаттығулар жүргізілді.
- ✓ Оқушыларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау және оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер арқылы тілін дамыту мақсатында ЕБҚ оқушыларымен «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында кітапханашымен бірлескен жұмыс жүргізілді.
- ✓ 16- желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күні мерекесіне орай жас ұрпақтың бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында ЕБҚЕ балалар арасында «Тәуелсіз елім-тірегім!» тақырыбында коллаж байқауы өткізілді.

Жалпы мектеп бойынша инклюзивті курстан 29 мұғалім біліктілігін арттырған. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды мектептегі оқу жағдайына және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету, психологиялық көмек көрсету мақсатында мамандармен бірккен жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде.

**Қорытынды:** Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту процесі талапқа сай ұйымдастырылған.

**7. ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру**

**Талдау нәтижелері:**

**2023-2024 оқу жылына** арналған «Жаһандық құзыреттілік» және элективті курстарға арналған оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыз №348 бұйрығының (23.09.2022 №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістер негізінде) 2,3,4-қосымшаларымен бекітілген Бастауыш, Негізгі орта және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. «ҚР бастауыш, негізгі орта,жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығымен (ҚР Білім және ғылым министрінің 12.08.2022 жылғы бұйрығының №365 6-қосымшасымен, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығының 85,86-қосымшаларымен, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығының 1,53-қосымшаларымен енгізілген өзгерістерімен). «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылды.

Биылғы оқу жылының ерекшеліктері «Жаһандық құзыреттіліктер» және элективті курстар 1-11-сынып оқушылары үшін «Домбыра» тарту бойынша факультативтік курстар қарастырылған.

Оқу жоспарындағы вариативті компанент бойынша барлығы 19,5 сағат.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курстары барлығы: 6,5 сағат.

5-8-сыныптар аралығында (аптасына 0,5 сағаттан 2,5 сағат)

9-10-11 сыныптарда (аптасына 1 сағаттан 4 сағат) алынды.

Элективті таңдау курстар барлығы: 13 сағат.

1-4 сыныптар бойынша математика - 1 сағат, домбыра 4-сағат. 2-сынып 1-тоқсан үйден оқуға математика - 1 сағат, домбыра 1-сағат қарастырылды.

10-сынып қоғамдық гуманитарлық бағытқа 2-сағат. Қазақ әдебиеті, АӘД берілсе, жаратылыстану математикалық бағытына 2-сағат физика, АӘД элективті курс берілді. 11-сынып қоғамдық гуманитарлық бағытқа математика 1-сағат, география 1-сағат элективті курс берілді.

Оқу жоспарындағы вариативті компанент бойынша берілген сағаттар "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен

бекітілген 5-тарау, 74-бөлімге сәйкес мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін қосымша кесте жасалды.

**8. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын іске асыру**

**« Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын іске асыру**

2023-2024 оқу жылы «Өмір қауіпсіздігінің ережелері» оқу курсы қамтылған, 1-4- сыныптарда Қауіпсіздік ережелері; 5-9 –сыныптарда дене тәрбиесінен адамның табиғатта өз бетінше өмір сүруі; Медициналық көмек көрсету жолдары; Жер сілкінісі алдын алуы; Дауыл, боран алдын алу; Әсері мықты улы заттардан уланғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек көрсету; Әртүрлі жарақат алу жағдайындағы алғашқы медициналық көмек; Жаппай жарақат алу кезіндегі алғашқы медициналық көмек; Жара мен жарақат алу және басқа да келеңсіз жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету; Денсаулық және салауатты өмір салты туралы жалпы түсінік; Жердің опырылуы мен сел, көшкіннің орын алуы; Денсаулық және өмір салты туралы жалпы түсінік; Орман және дала өрті алдын алу; Өндірістік апаттар және зілзала апаттар; Радиоактивтік заттардың қалдықтарынан туындайтын апаттар; Гидродинамикалық апаттар; Мектеп жасындағы балалардың жарақат алуының және жарақат алған кездегі естен танудың алдын алу шаралары т.б туралы сабақтар, 10-11-сыныптарда АӘД пәнінен Қауіпсіздік негіздері және қауіптерді жіктеу, Қоршаған орта мен адамның қауіпсіздігі т.б тақырыптарда сабақтар өткізілген.

**Қорытынды: Оқу жылында"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда«Дүниетану», 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру», 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсы аясында өткізілген. Тақырыптары толық қамтылған. Талаптарға сәйкес келеді.**

**9."Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру.**

**Бағалау нәтижесі:**

2023-2024 оқу жылына арналғансабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының (23.09.2022 жылғы №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістері негізінде) 2,3,4-қосымшаларымен бекітілген Бастауыш, Негізгі орта және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары ,

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен ( ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 жылғы №365 бұйрығының 6-қосымшасымен, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығының 85,86-қосымшаларымен 18.08.2023 ж. №264 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларына және осы құжаттар негізінде әзірленген жұмыстық оқу жоспарына сәйкес:

1.Бастауыш сыныптардағы білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің көлемі - 1-сыныпта-19,5 сағат, 2-сыныпта -24 сағат, 3-сыныпта-26 сағат, 4-сыныпта-26 сағат;

2.Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі- 5-сыныпта – 28,5 сағат, 6-сыныпта – 28,5 сағат, 7-сыныпта – 31,5 сағат, 8-сыныпта – 32,5 сағат, 9-сыныпта – 34 сағат;

3.Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ҚГБ 10-11-сыныпта -34 сағат, ЖМБ 10-сыныпта -35 сағат;

4.Сыныпты екі топқа бөлу оқу жылының білім алушылар саны 25 болғандықтан 4-сыныптағы «Ағылшын тілі», «Цифрлық сауаттылық» пәндерінде жүзеге асырылған;

**Қорытынды:**Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміБастауыш, Негізгі орта және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында және Үлгілік оқу жоспарларында көрсетілген талапқа сәйкес келеді

**Оқу мерзіміне өлшемшарттар:**

**-тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау**

**Бағалау нәтижесі:**

2023-2024 оқу жылы бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімі 11 жыл. Оқу жылдарында каникул мерзімдері сақталған.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.Оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы.Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде берілу талаптары сақталған.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл. 10-11-сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы 34 оқу аптасын құрайды. Оқу жылы ішінде үш рет каникул күндері берілген: күзде, қыста және көктемде. Каникулдың нақты мерзімі Қазақстан Республикасы білім саласының уәкілетті органы белгілеген кезеңдері сақталған

**Қорытынды:** тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптары сақталған

**Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау**

**Бағалау нәтижесі:**

2023– 2024 оқу жылы бойынша оқу жылынан басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдері төмендегіше бекітілген:

1) 2023 - 2024 оқу жылының басталуы - 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы-2024 жылғы 25 мамыр;

2) Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасы, 2-11 – сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан-5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 05-11 ақпанды қоса алғанда)<br>**Қорытынды: Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар уәкілетті басқару органдарының тиісті бұйрықтарына сәйкес жүргізілген.** | |
| 5 | **Оқу материалдық активтер** | **Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар.**<br>**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.**<br>**Бағалау нәтижесі: 2021-2022 оқу жылында** 9-қосымша бойынша барлық ғимараттардың жұмыс алаңы 5559,4 шаршы метрді құрайды.<br>Мектеп екі қабатты ғимараттан тұрады, 2010 жылы салынған. Жобалық қуаты 300 алаға арналған. 2021 жылы ағымдағы ішкі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Коммуникациялық жағдайы қамтылған жұмыс телефондары, интернет желісі 100% қосылған. Интернет жылдамдығы 8 Мб. Канализация жүйесі септік, су құбыры жақсы жұмыс жасайды. Мектепте жалпы 1 спорт зал, 1 акт зал, асхана, жалпы оқу кабинеттер саны-16.<br>Әлеуметтік-тұрмыстық санитарлық торапттар бар, оның ішінде унитаздар саны- 9, қол жуғыштар- 9. Білім беру ұйымының үй жайларымен іргелес жатқан аумағында 8-бейне бақылау жұмыс жасайды. Мектеп спорт залының алаңы-268,6 ш.м. Спорт аймағында оқушыларға ыңғайлы спорт ойындарына арналған футбол алаңы бар. Кітапхананың жалпы ауданы-77,2 ш.м. Ондағы құралдар: 5 парта, 10 орындық бар. Мектепте жеке пайдалануға арналған 30 шкаф, 240 парта орындығымен бар. 8 бейне бақылау камерасы жұмыс жасайды.<br>- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін кіру жолдары, баспалдақтар мен пандустар тұтқалармен жабдықталған. Есіктер мен баспалдақтар контрасты бояумен боялған.<br>**Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылында** 9-қосымша бойынша барлық ғимараттардың жұмыс алаңы 5559,4 шаршы метрді құрайды. Мектеп екі қабатты ғимараттан тұрады, 2010 жылы салынған. Жобалық қуаты 300 балаға арналған.2023 жылы ағымдағы ішкі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Коммуникациялық жағдайы қамтылған жұмыс телефондары, интернет желісі 100% қосылған. Интернет жылдамдығы 8 Мб. Канализация жүйесі септік, су құбыры жақсы жұмыс жасайды. Мектепте жалпы 1 спорт зал, 1 акт зал, асхана, жалпы оқу кабинеттер саны-16, соның ішінде: Әлеуметтік-тұрмыстық санитарлық тораптар бар, оның ішінде унитаздар саны-9, қол жуғыштар-9. Білім беру ұйымының үй жайларымен іргелес жатқан аумағында 32-бейне бақылау жұмыс жасайды. Жедел басқару орталығына қосылған.<br>Мектеп спорт залының алаңы-268,6 ш.м. Спорт аймағында оқушыларға ыңғайлы спорт ойындарына арналған футбол алаңы бар. Кітапхананың жалпы ауданы-77,2 ш.м. Ондағы құралдар: 5 парта, 10 орындық бар. Мектепте жеке пайдалануға арналған 30 шкаф, 240 парта орындығымен бар. 40 бейне бақылау камерасы жұмыс жасайды. 32 камера жедел басқару орталығына қосылған.<br>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін кіру жолдары, баспалдақтар мен пандустар тұтқалармен жабдықталған. Есіктер мен баспалдақтар контрасты бояумен боялған. Арнайы жабдықталған кабинет болмағандықтан, бағалау өлшемі 96%-ы құрап тұр.<br>**Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәлімет.**<br>Медициналық қызмет көрсету, оның ішінде медициналық пункттің болуы қарастырылған және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет жинақталған. Медициналық пунктке 28.06.2016 жылғы №16010465 нөмірлі лицензия берілген. Лицензиар Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қазалы аудандық орталық ауруханасы»шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны болып табылады.<br>**Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.**<br>**11-қосымша** бойынша санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісі бар. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды 06.05.2013 жылғы №456 нөмірімен тіркелген. 2023-2024 оқу жылында тамақтандыру объектісін жалға алушы ЖК "А.Иманалиева". 2023-2024 оқу жылында 116 бала ыстық тамақпен қамтылған. | Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер.<br>Әдістемелік ұсынымға 9-қосымша.<br><br>Бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі.<br><br>Басқару құқығын немесе жалдау шартын растайтын құжат<br><br>Медициналық қызметке лицензия Әдістемелік ұсынымға 10- қосымша<br><br>Әдістемелік ұсынымға 11- қосымша<br><br>Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды |
| 6 | **Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор** | **Оқу және көркем әдебиеттің, кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер.**<br>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44** (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13070 тіркелген) бекітілген оқулықтардың тізбесіне сәйкес алынған .Білім алушылар контингентіне қатысты оқу әдебиеті қорының, оның ішінде оқыту тілі бойынша оқу –әдістемелік -173, көркем және публицистикалық әдебиеттер- 2112, 1-11 сынып оқушылары-4466 оқулықпен толық қамтамасыз етілген.<br>**2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына** (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) электронды тізбесіне сәйкес алынған. Бастауыш, жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу –әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттердің оның ішінде 355 электронды әдістемелік оқулықпен қамтамасыз етілген. | Әдістемелік ұсынымға 12- қосымша |

7 Білім алушылардың білімін бағалау

**Білім алушылардың білімін бағалау**

**ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің арбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері)**

**Талдау нәтижелері:**

2023 – 2024 оқу жылын аяқтау және білім алушыларды қорытынды аттестаттауға байланысты іс – шаралар жүргізілген. ҚР Оқу ағарту министрі 2023 ж. 13 сәуірдегі №96 бұйрығының 1-қосымшасы мен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының 35-тармағына сәйкес 5-8,10-сыныптарды бітірушілерден «Қазақ тілі» пәнінен, 36-тармағына сәйкес 9-сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары, 11-сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары өткізіледі.

5-8,10,9 және 11 – сыныптарда пәндер бойынша қорытынды аттестаттау өткеннен кейін комиссия білім алушыларға балдарды және емтихан бағаларын қойған және негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу курсы емтиханының хаттамасына енгізілген.

| Сыныбы | Пәні | Бағалары | | | | Білім сапасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 | 4 | 3 | 2 | |
| 9 | Қазақ тілі | 6 | 8 | 5 | - | 74% |
| | Алгебра | 8 | 7 | 4 | - | 79% |
| | Қазақстан тарихы (Таңдау пәні) | 5 | 7 | 7 | - | 63% |
| 11 | Қазақ тілі | 6 | 10 | - | - | 100% |
| | Алгебра және анализ бастамалары | 5 | 7 | 4 | - | 75% |
| | Қазақстан тарихы | 4 | 11 | 1 | - | 87% |
| | Орыс тілімен әдебиеті | 7 | 7 | 2 | - | 88% |
| | Таңдау пәндері (Қазақ әдебиеті, физика, дүниежүзі тарихы ) | 5 | 9 | 2 | - | 88% |

**5 -8 және 10 – сыныптарда «Қазақ тілі» пәні бойынша аралық аттестаттау нәтижесі .**

| Сыныбы | Пәні | Бағалары | | | | Білім сапасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 | 4 | 3 | 2 | |
| 5 | Қазақ тілі | 12 | 11 | 6 | - | 79 % |
| 6 | Қазақ тілі | 3 | 11 | 4 | - | 77 % |
| 7 | Қазақ тілі | 2 | 9 | 6 | - | 65 % |
| 8 | Қазақ тілі | 4 | 5 | 5 | - | 64 % |
| 10 | Қазақ тілі | 9 | 11 | 4 | - | 83 % |

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес келеді.

**Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.**

**Талдау нәтижелері:** Бақылау кезеңінде сынып журналдарындағы бағалау kundelik.kz ақпараттық жүйесімен зерделенді. 2023 – 2024 оқу жылында ағымдық бағалау 2 – 11 сыныптарда жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Бақылау кезеңі аралығында оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындыларын шығару жұмыстары жүргізілгендігі анықталды. Білім алушылар бағалануы сынып журналына қойылған.Оқу бағдарламаларына сәйкес білім (ортақ тақырып) тақырыптар, тоқсан, оқу жылы бойынша білім алушылардың оқу материалдарының мазмұнын меңгеру үлгеріміне бақылау ұйымдастырылған. Өткізілетін жиынтық бағалауды жүргізу қорытындылары бойынша жиынтық бағалауды және бекітілген нысанға сәйкес формативті бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау қорытындыларын талдауды жүргізген. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Білім алушылардың үлгеріміне бақылау мен бағалаудың материалдары жинақталған. Сыныптар, пәндер, тоқсан қорытындысы бойынша білім алушылар үлгерімін мониторингілеу және талдау нәтижелері жасалған. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша 2-11 сынып аралығындағы 12 сынып жиынтығындағы 192 оқушының білім сапасы 68,23% көрсеткішті құрады. Білім беру ұйымында вариативті компонент сағатының есебінен таңдалған

10 – 11-сыныптардың оқу пәндері бойынша оқу жылының соңында "есептелінді" деген белгі жазылған.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан хаттамалары

жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

**4,9 сынып оқушыларының тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарында көзделген білім берудің күтілетін нәтижелерін және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің жетістіктерін айқындау бойынша оқу нәтижелерін бағалау. (оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша алынған тест нәтижелерінің көшірмелері және өлшемшарттардың 13-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте.)**

**Бағалау нәтижесі:**

4,9 сыныптардың бітірушілерінен білім беру саласындағы уәкілетті органмен айқындалған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютермен онлайн форматта тестілеу технологиясы бойынша жүргізілді.

4 –сыныпта журнал бойынша 25 білім алушы, 9-сыныпта журнал бойынша 19 білім алушы бар. Тестілеуге 4-сыныптан 96%-ы яғни 24 білім алушы, 9-сынып бойынша 95%-ы яғни, 18 білім алушы қатысты. Тестілеуге 4 сынып оқушысы Өмірзақ Тимур Астана қаласына спорттық турнирге кетуіне байланысты қатыспады. 9-сыныптан Өксікбай Актілек ПМПК мекемесінің қорытындысына сәйкес қатыспады.

| № | сынып | журнал бойынша оқушылар саны | қатысқан оқушылардың нақты саны | "5" баға алған саны | "4" баға алған саны | "3" баға алған саны | "2" баға алған саны | орташа балл | on бағалар % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 4 | 25 | 24 | 0 | 0 | 12 | 12 | 11,2 | 50 |
| 2 | 9 | 19 | 18 | 0 | 3 | 13 | 2 | 30,5 | 88,9 |
| Барлығы | | 44 | 42 | 0 | 3 | 25 | 14 | 20,8 | 66,7 |

4,9-сынып оқушыларының, білім, білік және дағды сапасын бағалау нәтижесі

**8. Білім беру процесіне қатысушылар дың және басқа респонденттердің сауалнамасы**

**Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау**

**Білім алушылардың сауалнама нәтижесін талдау**

Білім беру ұйымындағы 4,9-сыныптағы 44 білім алушының 43 –і, яғни 98%-ы қатысты. Білім беру қызметінің деңгейіне қанағаттанған. Қанағаттанған респонденттердің үлесі -94%

**Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау**

Сауалнамаға білім беру ұйымындағы 43 педагог 100% түгел қатысты. Оның ішінде 40 педагог, яғни 94 % респондент сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған.

**Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау.**

Білім беру ұйымындағы 4,9-сынып білім алушыларының жалпы ата-аналарының саны – 44 ата-ана. Сауалнамаға 41 ата-ана, яғни 93 % -ы тартылған. Оның ішінде 99 % ата-ана білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған.

Білім процесіне қатысушылар-дың сауалнамасының нәтижесі

**9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары**

Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттеген сиретпей арттырған педагогтердің үлесін көтеру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес оқу кабинеттерінің мультимедиалық жабдықтануы мен жарақтандыру үлесін көтеру.

**10. Қорытындылар мен ұсыныстар.**

**Қорытынды:**

№225 орта мектебінің білім беру қызметі жалпы білі берудің мемлекеттік стандартына сәйкес келеді.

**Кемшіліктер мен ескертулер:**

**Әдістемелік көмек ұсыныстары:**

**Мемлекеттік аттестацияның нәтижесі:** « Аттестатталды»

**Өлшемшарттарға сәйкес білім беру ұйымының қорытынды бағасы:** - «Жақсы» деңгейіне сәйкес бағаланды;

Комиссияның «14» маусым 2024 жылғы / хаттамалық шешімі

Комиссияның төрағасы: ________ Жакенов Бактыбай Жанабаевич

Комиссия мүшелері: ________ Ебелекова Эльмира Ергалиевна

________ Сауытбаев Алпамыс Аскаргатович

________ Аяпбергенова Роза Ордабаевна

________ Кубекова Гульжайна Жалгасовна

________ Суханова Мира Куандыковна

________ Сырман Абылай Кенжебайұлы